

# Ел дамуының басты шешімі – білім мен ғылымда

Мемлекет басшысының Жолдауларынан әрбір жеке тұлға езінің күндөлікті өміріне, отбасына, жұмысқа иігі әсері бар тұстарын іздептін анық Президент Қ.К.Тоқаевтың билігі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-кимыл кезеңі» атты халықта Жолдауында ел экономикасын өркендепті қана қоймай, білімді дамыту, әлеуметтік мәселелерді шешу, деңсаулық, қауіпсіздік шараларын күшету, халықтың билік, жемқорлық, отбасы сияқты мәселелерімен қатар өскелден үрпақты өз бетімен ізденуге, ғылыммен айналысуна баса көңіл бөлу қажеттігін сөз етті.

Президенттің билігі халықта Жолдауынан, мениң түсінігім бойынша, үш мәселені баса айттар едім.

Біріншіден, білім мен ғылымға байланысты. Мемлекет тарапынан білім мен ғылымға көп көңіл болінуде. Әлемде қалыптасқан ауыр жағдай біздің жастарымыздың білімге деген құштарлығын, оны игеру жолындағы талабына кедегі бола алмайды. Сондықтан жас үрпақтың толықтанды білім алуын шешу үшін Президенттің бірыңғай білім беру платформасын құру туралы шешімі дұрыс болған деп есептеуге болады. Сондықтан «Жас ғалым» жобасы аясында студент жастарды ғылымға тарту мақсатында ғылыми зерттеулер үшін 1 мың гранттың болінушы бул саланың жаңа серпінмен дамуына көз жол ашады деп ойлаймын.

Елдің, үлгітін, халықтың атын шығаратын қоғамның үш саласы бар болатын болса, соның бірі барлық ғылымның түп қазығы болып табылатын білім болып отыр. «Вілімді мыңды жығады, білекті бірді жығады» дейтін атам қазақтың біліп айтқан нақыл сөзі қазіргі уақытта ете маңызды болса керек, себебі бәсекеге қабілетті елдердің қа-



тарына қосылуымыздың бірден - бір шартты осы болмақ.

Білім саласының қызметкері ретінде мениң көңілімнен шыққан екінші мәселе, Президенттің қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі болып келе жатқан жемқорлықта тары бір назар аударуы, онын ішінде жемқорлықта барған қылымаскерді мерзімінен бұрын босатпау туралы шешімі мен жалған диплом жасаумен айналысатын жоғары оқу орындарын жабу мәселе сін қозғауы қоғамның барлық әлеуметтік жіктерін бейжалай қалдырымағаны ақиқат. Бұл мәселені шешу жастардың ашық та нақты білім алғы шығуна, езінің болашагына сеніммен қаруына жол аштындығы анық.

«Шындық көз шұқиды» деген, аны да болса ақиқатын айтуды парызымыз. Ауруды асқындырмай, дер кезінде емдесе, одан айырып кетуі мүмкін. «Аурудын жақындаған оледі» демекші қоғамның ең ауыру дерті – осы жемқорлық болып отырғаны шындық, Ден-деп кеткені соншалық, халық арасында кез-келген мәселені тек қана тамыр-тансыстықпен шешууге болады деген түсінік бойлауына әбден сізіп кеткенін байқауға болады. Бұл қандай адамның болмасын, әсіресе жастардың өз

біліміне сенбейіне немесе білім арқылы барлығын женіп, үлкен табыстаға кенелуге болатындығына құмәнмен қарауына жол ашып отырған жайы бар. Біздің негізгі міндеттіміз – осы келенсіз, жағымсыз түсінікпен курсе отырып, алдымыздагы білім ізденеп, тәрбиелі болуга ұмтылып отырған студент жастарымыздың бойында езіндік сенімнің қалыптасуына иігі әсер ету.

Ушінші мәселе – ауыл әкімдерін сайлау. Бұл билігің жолдаудың ерекшелігі және халықтың көкейінен шықты деп ойлаймын. Себебі Конституция бойынша біздің мемлекет сайланбалы және демократиялы ел. Олай болса, билік халық алдында жаупапты. Себебі билік тұтқасында отырғандардың айлық жалақысы, жүріп-тұруы, ішпіжемі барлығы халықтың есебінен, халық аударған салымдар есебінен құралады. Менімше, олар бұны білмейтін сияқты. Президент Қ.К.Тоқаев Жолдауда осыны ескеріп отыр. Ауылдың жағдайын сол ауылдың әкімі мен халқынан артық билетін ешкім жоқ. Ауыл әкімі жоғарғы жақтың ұсынысымен емес, халықтың сайлануымен келетін болса, ауылдың қай жағынан болмасын өзгеретіні түсінікті. Мұндай жағдайда ауыл әкімі бар білімін де, біліктілігін де, күш-қайраты мен жігерін де сол ауылдың өркендеуіне, әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмыстыны анық. Өйткені ол ауыл халқы алдында әрбір ісі үшін жаупапты екенін біледі. Президенттің бұл бағыты биліктің аздарап болса да халықта жақындауының алғашқы баспалдагы деп есептеу керек.

**Р. АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ**  
**Ы. Алтынсарин атындағы**  
**Арқылық педагогикалық ин-**  
**ституты «Рухани жаңғыру»**  
**жобалық кеңесесінің директоры**